

Салықтық тіркеу талаптарының сақталуын мониторингтеуге байланысты мемлекеттік кірістер органының шешімдері нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 31 қазандағы № 653 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 қазанда № 37307 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж.бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабының 4-тармағына, 82-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, 107-бабының 1 және 5-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою туралы хабарламаның нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің міндетін атқарушы

Д. Темирбеков

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 31 қазандағы
№ 653 бұйрыққа
1-қосымша
нысан

Мемлекеттік кірістер органында салықтық тіркеу есебіне қою туралы хабарлама

№ _____

"__" ____ 20__ жыл

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі)
49-бабының 4-тармағына, 82-бабы 1-тармағының б) тармақшасына және
107-бабының 1-тармағына сәйкес

(мемлекеттік кірістер органының (бұдан әрі – МКО) атауы, коды, бизнес
сәйкестендіру
нөмірі)
Сізге,

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)
немесе салық төлеушінің толық атауы және жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес
сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН/БСН))
салықтық тіркеу талаптарының сақталуын мониторингтеу нәтижелері бойынша:
(тиісті ұяшықтың бірі "X" белгісімен белгіленеді)

- | | | |
|---|--------------------------|--|
| 1 | ☐ | қосылған құн салығын төлеушіні
тіркеу есебіне міндетті түрде қою |
| 2 | ☐ | дара кәсіпкер ретінде тіркеу
есебіне қою |
| 3 | ☐ | жеке практикамен айналысатын
адам ретінде тіркеу есебіне қою |
| 4 | ☐ | жекелеген қызмет түрлерін жүзеге
асыратын салық төлеушіні тіркеу
есебіне қою |

талаптарының бұзылу белгілері анықталғанын хабарлайды.

Хабарлама:

- | | | |
|---|--------------------------|--|
| А | ☐ | Салық кодексінің 101-бабының 3-
тармағына сәйкес салықтық
өтінішті
(1-ұяшық таңдалған кезде
белгіленеді) |
| Б | ☐ | Салық кодексінің 97-бабының 3-
тармағына сәйкес дара кәсіпкердің
немесе жеке практикамен
айналысатын адамның қызметінің
басталғаны туралы хабарламаны
(2 немесе 3-ұяшық таңдалған
кезде белгіленеді) |
| В | ☐ | Салық кодексінің 104-бабының 5-
тармағына сәйкес салық
төлеушілер базасын қалыптастыру
тәртібімен белгіленген
құжаттармен қызметтің |

басталғаны немесе тоқтатылғаны
туралы хабарламаны
(4-ұяшық тандалған кезде
белгіленеді)

ұсыну жолымен орындалады.

Осы хабарламаны орындау мерзімі тапсырылған күннен кейінгі 30 (отыз) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілген мерзімде осы хабарлама орындалмаған жағдайда, МКО Салық кодексінің 86-бабына сәйкес банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жүргізеді.

Салық кодексінің 107-бабына сәйкес, салық төлеуші бұзушылықпен келіспесе, келіспеушілігін негіздей отырып, түсініктеме береді.

Салық төлеуші түсініктемеге оның негіздемесін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса беруге құқылы. Түсініктеме беру кезінде хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға жатпайтын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Ұсынылған түсініктемеде негіздеме болмаған және (немесе) негіздеме құжаттармен расталмаған жағдайда, МКО түсініктеме келіп түскен күннен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде хабарламаны орындалмаған деп таниды және хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығарады.

Хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім салық төлеушіге осындай шешім шығарылған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде беріледі.

Бұл ретте хабарлама орындалмаған деп танылған жағдайда МКО-да салықтық тіркеу есебіне қою мәселесі бойынша МКО тақырыптық салықтық тексеру жүргізеді.

Анықталған бұзушылықтар сипаттамасы _____ парақта қоса беріледі.

Басшы (МКО басшысының орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын (қолы) куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Хабарламаны алды: _____

(алған күні, салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе

толық атауы, қолы)

Хабарлама салық төлеушіге табыс етілді: _____

(табыс етілген күні, хабарламаны табыс еткен МКО лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын

куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы және қолы)

Хабарлама салық төлеушіге жолданды: _____

(жолданған күні, хабарламаны жолдаған МКО лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы және қолы, жіберілгенін растайтын түбіртек нөмірі мен күні)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 31 қазандағы
№ 653 бұйрыққа
2 қосымша
нысан

Мемлекеттік кірістер органында салықтық тіркеу есебіне қою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім

№ _____	"__" ____ 20__ жыл
---------	--------------------

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі)
49-бабының 4-тармағына және 107-бабының 5-тармағына сәйкес

_____ (мемлекеттік кірістер органының (бұдан әрі – МКО) атауы, коды, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ (салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе толық атауы және жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН/БСН))

Салық кодексінің 107-бабының 2-тармағына сәйкес берілген 20__ жылғы
"____" _____ № _____ түсіндірмесін қарады.

Салық төлеуші өзінің түсініктемесінде мынадай негіздемелерді келтіреді:

_____ (сипаттама бөлігі, салық төлеушінің түсіндірмесінде көрсетілген негіздемелер, қоса берілген құжаттардың тізбесі жазылады)

Бар материалдарды зерделеп, салық төлеушінің негіздемелерін ескере отырып, МКО келесіні белгіледі:

_____ (уәждеу бөлігі, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзу фактісін айғақтайтын дәлелдерді негіздеген және мән-жайларды ашып көрсеткен МКО қорытындысы)

Жазылғандарды ескере отырып, іс материалдарын және салық төлеушінің негіздемелерін қарау қорытындысы бойынша МКО:

20 ____ жылғы " ____ " ____ № ____

(хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі)

МКО-да тіркеу есебіне қою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығарады.

Салық кодексінің 107-бабының 6-тармағына сәйкес орындалмаған деп танылған хабарлама бойынша салықтық тексеру жүргізіледі.

Тақырыптық салықтық тексеру Салық кодексінің 156-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда салық төлеуші МКО лауазымды адамының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған МКО-ға немесе сотқа шағым жасауға құқылы

.

Басшы (МКО басшысының орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке (қолы) басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

(мөр орны)

Шешімді алды _____

(алған күні, салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе толық атауы, қолы)

Шешім салық төлеушіге табыс етілді _____

(табыс етілген күні, шешімді табыс еткен МКО лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы және қолы)

Шешім салық төлеушіге жолданды _____

(жолданған күні, шешімді жолдаған МКО лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы және қолы, жіберілгенін растайтын түбіртек нөмірі мен күні)